

Деректерді беру желілерінің статикалық мекенжайларының тізілімін пайдалану жөніндегі пайдаланушы келісімі

Осы Деректерді беру желілерінің статикалық мекенжайларының тізілімін пайдалану жөніндегі пайдаланушы келісімі (бұдан әрі-Келісім) бұдан әрі «МТҚ» АҚ деп аталатын «Мемлекеттік техникалық қызмет» акционерлік қоғамы мен «Деректерді беру желілерінің статикалық мекенжайларының тізілімі» электрондық ақпараттық ресурсында (бұдан әрі- Тізілім) тіркелген, бұдан әрі «Пайдаланушы» деп аталатын деректерді беру желісінің статикалық мекенжайын иеленуші заңды тұлға, Келісім мәтіні бойынша бірлесіп «Тараптар», ал жеке - «Тарап» деп аталатындар арасында жасалады.

Тізілімде тіркелген кезде Пайдаланушы Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес өзінің дербес деректерін жинау мен өңдеуге келісім береді.

1. Негізгі ережелер

1.1. Тізілім – деректерді беру желілерінің статикалық мекенжайлары (бұдан әрі- ДБЖСМ), олардың түрлері мен санаттары, сондай-ақ олардың иеленушілері туралы мәліметтердің белгіленген нысандағы тізбесін қамтитын электрондық ақпараттық ресурс.

1.2. «МТҚ» АҚ – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, Тізілімнің иеленушісі болып табылатын акционерлік қоғам;

1.3. Пайдаланушы – Қазақстан Республикасы аумағында тіркелген және Қазақстан Республикасының бірыңғай телекоммуникациялар желісінде жұмыс істейтін ДБЖСМ пайдалана отырып, өзінің қызметін жүзеге асыратын, Тізілімде тіркелген және оны пайдаланатын заңды тұлға.

2. Келісімнің мәні

2.1. Келісім Тізілімді қалыптастыру және жүргізу қағидаларына (бұдан әрі- Қағидалар) сәйкес әзірленді, Тізілімді пайдалану кезінде Тараптар арасындағы қатынастарды реттейді, екі Тарапқа қатысты құпиялылық режимін белгілейді, Тараптардың құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

2.2. Осы Келісімнің мақсаты Тізілімді пайдалану кезінде Тараптардың іс-әрекеттерін регламенттеу болып табылады.

3. Тараптардың міндеттері мен құқықтары

3.1. Пайдаланушы Тізілімді пайдалану мәселелері бойынша консультациялық көмек алуға құқылы.

3.2. Пайдаланушы:

- 1) Тізілімде тіркелген кезде шынайы, дұрыс және толық деректерді беруге;
- 2) ДБЖСМ туралы деректерді енгізуге және уақытылы өзектілендіруге;
- 3) ДБЖСМ-ні пайдалануды тоқтатқан кезде Тізілімде ол туралы тиісті мәліметтерді жоюға;
- 4) Тізілім иеленушісінің құқықтарын және заңды мүдделерін сақтауға;
- 5) ҚР заңнамасына сәйкес Тізілімнің қорғалуын қамтамасыз етуге, Тізілімдегі өзінің есептік жазбасының атауы мен паролін үшінші тұлғаларға бермеуге міндеттенеді.

3.3. ДБЖСМ пайдаланушыларынан алынған деректерді «МТҚ» АҚ «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасы Заңында (бұдан әрі-Заң) белгіленген тәртіппен пайдалануға құқылы.

3.4. «МТҚ» АҚ:

1) «МТҚ» АҚ интернет-ресурсында Тізілімді пайдалану жөніндегі нұсқаулықты орналастыруға;

2) Пайдаланушыларға олардың сұрау салулары бойынша тұрақты негізде Тізілімді пайдалану мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетуге міндеттенеді.

4. Келісімнің күшіне енуі

4.1. Келісім Пайдаланушы Тізілімде тіркелгеннен кейін күшіне енеді.

4.2. Тізілімде тіркелу Пайдаланушының «МТҚ» АҚ интернет-ресурсындағы тіркелу нысанын толтыруы және осы Келісімнің барлық талаптарымен келісетінін растауы арқылы жүзеге асырылады.

5. Өзге де талаптар

5.1. Пайдаланушы Қағидаларда айқындалған мерзімдер мен тәртіппен Тізілімде мәліметтерді уақытылы орналастырады және өзектілендіреді.

5.2. Заңның 41-1-бабының 1-2-тармағында көзделген негіздемелер бойынша байланыс желілерінің жұмысы уақытша тоқтатылған жағдайда Тізілімге деректерді тиісінше және уақытылы енгізбеген кезде Пайдаланушының ДБЖСМ пайдаланылатын қызметін жүзеге асырудың тұрақтылығы қамтамасыз етілмейді.

5.3. Осы Келісім шеңберіндегі Тараптардың қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.